

С.Оразалин атындағы ЖОББМ-нің 2023-2024 оқу- жылына «Айналайын» вокал –ән үйірмесінің жылдық жүргізген жұмыстарына талдама.

Эстрадалық жанрда ән айту-балалар бойындағы көркемдік,сезімталдық,интеллектуалдық қасиеттерін ,талғамын дамытады және оның музыкалық ой-өрісін құнарландырады,мәдени деңгейінін көтерілуіне көмектеседі .

Мектепте вокалды ән айту өнерін дамыту барысында дауыс ерекшелігіне ,жас шамасына байланысты балаларды іріктеп ,оларға дауыс қою жұмыстары,техникалық жаттығулар,сонымен қатар сахна мәдениетіне дағдыландыру мақсатында жұмыстар жасалынды.

2023-2024 оқу жылына арнап Айналайын вокалды-ән үйірмесінің жылдық жоспары құрылып бекітілді.Оған 2-6 сынып аралығынан өнерге бейім оқушыларды іріктеп алынды .

Үйірменің мақсаты және тапсырмасы.

-Вокалды шеберлікті иелену,

-Музыкалық білімді қабылдау,

-Вокалдық техникалық білімді қабылдау,

-Профессианалмузыкантты тәрбиелеу.

Бекітілген жоспар бойынша аптасына 8 сабақ өтеді ,дауыс жаттығуынан басталып үйренген әндерді сабақ барысында қайталап отырады.Сонымен қатар мектепшілік өткізіліп жатқан іс шараларға да белсене қатысып әндер орындап отырамыз. «Ұстаздар мерекесі», «Қарттар күніне» орай құттықтаулар айтылды. «Әкешім-асқар тауым» «Ынтымағы жарасқан елміз» «Ана-өмірдің шуағы» атты концерттер қойды.Аудандық ,облыстық байқауларға қатысып өз өнерлерін көрсетіп бақ сынады.Нәтижесінде «Кемел» –өнер-білім орталығының ұйымдастырған республикалық «Ұстаз-ұлы тұлға» байқауына қатысып ән номинацисы бойынша Әбдібай Зере 1дәрежелі диплом алды.

«Мұрагер» республикалық журнал ұйымдастырумен өткен « Көңілім әнді ұғады» вокал жанры бойынша Айбекқызы 1орын диплом алды.

Мұқағали оқулары – «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» Халықаралық өнер байқауынан Жәнібек Ханзада Бас Жұлдемен марапатталды.

Мұқағали оқулары – «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» Халықаралық өнер байқауынан Бекболатқызы Нұрдана 1 дәрежелі диплом алды.

«Өнер» бірлестігінің апталығына барынша үлесімізді қосып « Әнші балапан»- ән байқауын , «Әуенді тап»- музыкалық деңгейлерін дамытуда іс шаралар өткізіп үйірме өқушылары белсене қатыстырылды.